# Шығыс мәселесінің пайда болуы

Курашева Нұрлы
ХҚ-241




- XVIIғ. Басында Осман империясы ұзаққа созылған дағдарысқа ұшырайды. Еуропа, Африка, Азия құрлықтарын қамтыған Осман империясының құрамында әр түрлі халықтар мен тайпалар тұрып жатты.

. Қара теңіз империясының ішкі теңізі болды



**ИМПЕРИЯНЫҢ ҚҰРАМЫНА КІРГЕН ХАЛЫҚТАР ЭКОНОМИКАЛЫҚ, САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ДАМУДЫҢ ӘР ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙЛЕРІНДЕ БОЛДЫ.**

Осман империясының ыдырауының басталуы Европаның алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің арасында түрік иеліктерін бөліске салуды тудырған болатын.

ЕуропалықмемлекеттерОсман империясында экономикалық және саяси үстемдікке қол жеткізіп, басқаларды түрік мұрасынан ығыстырып тастауға тырысты.

Түркияның еуропалық иеліктері қызу күрес тудырды.

Османские завоевания, 1355-1453




© Martin Greenwald Associates, Inc.

Османская империя в 1355

территории, завоеванные до 1453

Патшалық Ресей Констонтинополь мен бұғаздарды басып алып, Қара теңізден шығатын жолд-ды өз бақылауында ұстағысы келді.

- Англия мен Франция Ресейдің басты қарсыластары болды.
- Ресей славян және грек халықтарының ұлт-азаттық күресіне қолдау көрсетіп отырды.
- Англия мен Франция, түрік үкіметіне көмек көрсетіп отырды.

# Себебі,

- Түркия мемлекеттерінің Балкан түбегі елдеріндегі үстемдігі батыс державалар үшін жергілікті халықты шексіз сауда қанауының келісім-шартта бекітілген капитуляциялық режим мен төменгі төменгі кедендік төлемдердің кепілі болды. Европалық капиталдың айналымында ең тиімді жағдайларды жасады.

# Егер,

- БАЛКАН ХАЛЫҚТАРЫ ТҮРКИЯ МЕМЛЕКТТЕРІНІҢ ҮСТЕМДІГІНЕН БОСАП, ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІ ҚҰРАТЫН БОЛСА, ОНДА БАТЫСТЫҢ ҰЛЫ ДЕРЖАВАЛАРЫНЫҢ МҰНДАЙ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ЖОЙЫЛАТЫН ЕДІ.

- «ШЫҒЫС МӘСЕЛЕСІ» - ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЫДЫРАУЫ, БАЛҚАН ТҮБЕГІНДЕГІ ХАЛЫҚ-ДЫҢ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ МЕН ЕУРОПАЛЫҚ МЕМЛ-ДІҢ ТҮРІК ИЕЛІКТЕРІН БӨЛІСКЕ САЛУ ҮШІН КҮРЕСІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ XVIIIҒ. СОҢЫ МЕН XIXҒ. БАСЫНДА ОРЫН АЛҒАН Х/Қ ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТАРИХ ПЕН ДИПЛОМАТИЯДА ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРТТЫ АТАУЫ.

Ресей Империясы мен Түркия елінің арасындағы қорғаныстық одақ туралы келісім-шартқа әкеліп соқты.

Келісім-шартУнкяр-Искелеси келісімшарты деп аталатын болды.












- 1831-1833ж Египет дағдарысында Николай І белсенді түрде сұлтан Махмұд ІІ Египет патшасы Мұхаммед-Әлиге қарсы бағыттаған еді.
- Өйткені Ресей империясы патшасы Египет басшысының жеңіске қолын жеткізсе, Франция мемлекетінің Таяу Шығыста өз үстемдігін орнатады деп қорықты.

Ресей Империясы үкіметі қолдаушылық жасау арқылы, Түркиядағы позициясын нығайтады деп сенді.

Өз кезегінде Түркия мемлекетінің билеуші топтары Мұхаммед-Алиді қолдаған Франциядан тек Ресей империясы қорғай алады деп ойлады.

- 1833 жылдың сәуірінде орыс десанттық әскерлері Босфордың азиялық жеріндегі Ункияр Искелеси аймағында түсті.
- Сөйтіп Египет әскерлерінің жолын кеседі.
- Ол әскерлер Констанинопольге қарай бағытталған болатын.



Оларды Мұхаммед-Алидің ұлы Ибрагим-паша басқарды.

- Бір уақытта осы жерге Ресей Империясының өкілетті елшісі А. Орлов та келеді.
- Ресей армиясының бұл әрекеттері Англия мен Франция мемлекеттерінің үлкен наразылығын туғызды.
- Ресей Империясының Түркия иеліктерінде орнығуын тоқтату мақсатымен Англия мен Франция мемлекеттері Махмұд ІІ-ден Мұхаммед-Әлимен достасуды талап етеді.
- Ол мемлекеттердің үлкен ықпалы нәтижесінде Түркия мемлекеті өз вассалына бірқатар жеңілдіктер жасайды.

- Кютахия қаласында Ибрагим-паша ордасында жасалған келісім бойынша 1833 жылы мамыр айында Мұхаммед-Әли өз басқаруына Египетті ғана емес Сирия мен Палестинаны, Адан Ауданын алады. Бұл үшін ол сұлтан сюзерені болуына келісіп, өз әскерін Антолиядан шығаруға міндеттеді.

**СОЛАЙ ОРЫС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ТҮРКИЯ ЖЕРЛЕРІНДЕ ЖҮРУІНІҢ ЕШҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БОЛМАЙ ҚАЛДЫ. СОДАН КЕЙІН ИБРАГИМ-ПАША ӨЗ ӘСКЕРЛЕРІН ТАВРДАН ӘРІ ҚАРАЙ АПАРЫП, ОРЫС ДЕСАНТТАРЫ РЕСЕЙГЕ ҚАЙТЫП КЕЛЕДІ.**

- 1 бап-екі мемлекетарасында мәңгі бейбіт, достық, бірлік орнайды және Ресей мен Түркия елдері өздерінің тыныштығы мен біртұтастығына қатысты мәселелерді қарастырып, бір-біріне көмектесуге міндеттенеді
- 2-бабында Андрианаполь трактатының бекітілгені жөнінде айтылады.
- 3-бабында барлық орыс түрік келісім-шарты мен келісімдері бекітіледі болды.